

ин
» бөбекжай менгер
ико В.А. 
жылғы 28 тамыз

Өндірістік кеңестер

№	Мазмұны	Мерзімі	жауаптылар
1	1. Балабақша қызметкерлерін ішкі еңбек тәртібімен, лауазымдық міндеттерімен таныстыру 2. Балалардың өмірімен денсаулығын қорғау 3. Балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы 4. Қызметкерлердің штаттық бірлік кестесін бекіту	қыркүйек	Б/б меңгеруші Медбике
2	1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы 2. Балабақшаның қысқы жылу мерзіміне дайындығы, топтарға жылудың берілуі мен сақталуы. 3. Қызметкерлердің демалыс кестесін талқылау және бекіту 4. Жаңа жыл мерекесіне дайындық	желтоқсан	Б/б меңгеруші Медбике
3	1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы 2. Топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы 3. Акция: «Гүлді алея» (ата-аналармен бірге көшеттер отырғызу) 4. Әртүрлі мәселелер	наурыз	Б/б меңгеруші Медбике
4	1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы 2. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту 3. Жазғы мезгілде балалардың өмірімен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулық 4. Өрт қауіпсіздігі техникасын сақтау	мамыр	Б/б меңгеруші Медбике

№1 өндірістік кеңестің хаттамасы

02.09.2026 ж

Қатысқандар саны- 8

Күн тәртібі:

1. Балабақшаның ішкі еңбек тәртіп ережелері мен қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін бекіту.
2. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу
3. Балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы
4. Қызметкерлердің штаттық бірлік кестесін бекіту

1.Тыңдалды балабақша меңгерушісі Мельченко В.А қызметкерлерді Ішкі еңбек тәртіп ережелермен таныстырды.Бұл ережелер Қазақстан Республикасының заңнамаларының талаптарына сәйкес бағытталған. Жұмысқа қабылдау және босату кезінде екі тараптан жасалынатын жұмыстарды қызметкерлер білуі тиіс. Әрбір қызметкер өзінің құқықтарын, міндеттерін, санитария талаптарын және техника қауіпсіздік ережелерін білуі керек. Мектепке дейінгі мекеме қызметкерлерінің міндеттері: еңбек тәртібін сақтау, адал жұмыс істеу, белгіленген мерзімінде медициналық байқаудан өту, этикалық жүріс-тұрыс нормаларын сақтау, ата-аналармен, балалармен қарым-қатынаста зейінді және ықыласты болуы, құжаттаманы өз уақытында толтыруы керектігін түсіндірді. Егер ішкі еңбек тәртіп ережелерін бұзғанда берілетін ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс және жұмыстан босату тәртіптік шаралар қолданылатынын айтты. Жұмыс уақыты бекітілген ішкі еңбек тәртіп ережелері жүргізілетінін ескертті.

Балабақша әдіскері Мейремхан М тәртіп әрбір қызметкердің тиімді жұмыс істеу үшін беріліп отырғанын сөз етіп, орындауымыз керек деп ойлайтынын айтты. Барлығы өз пікірлерін ортаға салып, бірауыздан мақұлдады.

Сонымен бірге балабақша меңгерушісі Мельченко В.А қызметкерлердің лауазымдық міндеттерімен таныстырды. Әрбір қызметкерге лауазымдық міндеттері жазылған парақшалары таратылып беріліп, орындау керек екенін айтты.. Балабақша қызметкерлері өздеріне қойылған лауазымдық міндеттерімен танысып, толық орындайтындықтарын , әсіресе, балалардың өмірі үшін жауап беретіндіктерін терең сезінетіндіктерін айтты.

Меңгеруші балабақша мейірбикесі Уямдас А өз міндеттерін орындауда барлық қызметкерлермен тығыз байланыста болуы керектігін,тәрбиешілер мейірбикелермен бірлесе отырып, сауықтыру шараларын жүргізеді, баланың денсаулығын дамытатын ең негізгісі баланың өмірі мен денсаулығына жауап беретінін ескертті Сондықтан барлық қызметкерлер лауазымдық міндеттерін бұлжытпай орындауы тиіс екенін айтты.

Қызметкерлер лауазымдық міндеттерімен танысып,орындайтындықтырын білдірді, қолын қойды.

2.Тыңдалды Балабақша меңгерушісі Мельченко В.А «Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау» жүргізді. Ата-аналар бізге өмірлерінің ең

қымбатты байлығы балаларын сеніп тапсырған соң біз олардың өміріне, денсаулығына жауаптымыз. Балаларды қадағалаусыз қалдырмау және қауіпсіздік ережелерін біліп сақтауымыз керектігін айта келе қызметкерлерге балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау туралы нұсқаулықты тарапып, таныстырып өтті.

Балабақша қызметкерлері танысып, толық орындауға уәде берді.

3.Тыңдалды балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы жөнінде балабақша меңгерушісі Мельченко В.А баланың дұрыс тамақтанудың ұйымдастырылуы, оның денсаулығына зор ықпалын тигізетінін сол себепті толыққанды тамақтану рационын құру, құрамында пайдалы дәрумендер мен минералдарға бай әртүрлі тағамдарды қолдану мәселелерді түсіндірді.

4.Тыңдалды меңгеруші Мельченко В.А қызметкерлердің штаттық бірлік кестесін бекіту үшін комиссия құрылып, бекітілген штат кестесімен таныстырды қызметкерлер комиссия құрамына толық сенетіндіктерін айтып, келісім берді.

Шешімі:

1.Балабақшаның ішкі еңбек тәртібі ережесі таныстырылсын, қатаң сақталсын.

Қызметкерлердің лауазымдық міндеттері бекітілсін.

2.Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулығы таныстырылсын, нұсқаулық ережелері толыққанды орындалсын.

3. Балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы, дұрыс тамақтандыру ісі қадағалансын. Жауапты Уямдас А мейірбике.

4. Қызметкерлердің штаттық бірлік кестесін бекітілсін.

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:



Мельченко В.А

Мейремхан М